

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

**Министерство образования и науки
Республики Казахстан**



Астана қаласы

13.05.2016 ж.

Баспасөз хабарламасы

**Шымкент қаласында «Менің Отаным – Қазақстан» –
«Ұлы Дала Елі» туристік-өлкетану экспедициялық жасақтардың
республикалық слеті өткізіледі**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25-жылдығы мерекесінің аясында 2016 жылғы 13-14 мамырда «Менің Отаным – Қазақстан» – «Ұлы Дала Елі» туристік-өлкетану экспедициялық жасақтарының республикалық слетін өткізеді.

«Менің Отаным – Қазақстан» – «Ұлы Дала Елі» туристік-өлкетану экспедициялық жасақтардың республикалық слеті – республикада балалар-жасөспірімдер туризмін дамытуға, оқушылардың патриоттық және азаматтық сезімдерін тәрбиелеуге, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, қоғамдағы өмірге бейімделуге, кәсіби өзін-өзі анықтауға, бос уақытты мағыналы ұйымдастыруға бағытталған әлеуметтік-танымдық жоба.

Слетке «Менің Отаным – Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициялық жасақтардың өңірлік жарыстарының жеңімпаз топтары қатысады (барлығы 160 қатысушы). Слет бағдарламасында өлкетану зерттеу жобаларын қорғау, жартасқа өрмелеу, кедергілер жолағын жеңу, «Ұлы дала елі» Қазақстан халықтарының достығы фестивалін өткізу қарастырылған.

Республикалық слеттің өткізілуі республикада балалар-жасөспірімдер туризмін және өлкетануды дәріптеуге, білім беру ұйымдарында туристік жұмысты белсендіруге, әр өңірде осы бағытты дамыту деңгейін анықтауға ықпал етеді.

Слеттің жеңімпаздары дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады, қатысушылардың барлығына сертификаттар беріледі.

Қосымша ақпарат үшін мына телефонға хабарласу қажет: 8 (7172) 24-93-08; e-mail: nt_ekotur@mail.ru.

*Пресс-служба Министерства образования и науки Республики Казахстан
010000, г. Астана, ул. Орынбор 8, 11 подъезд, тел.: +7 (7172) 74-24-14*

E-mail: pressa@edu.gov.kz